

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылған деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 3 мамырдағы N 551

"Бухгалтерлік есепке алу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 26 желтоқсандағы N 2732 Z952732_ Заң күші бар Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасындағы бухгалтерлік есеп пен есеп беру туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 22 желтоқсандағы N 1068 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 49, 717 - бап) .

"Қазақстан Республикасындағы Бухгалтерлік есеп пен есеп беру туралы Ережеге толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 24 ақпандағы N 213 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 12, 108-бап) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі